

**Рахилә Қарымсақова**

**СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ  
ЖӘНЕ ТӨЗІМДІЛІК**

**Журналистер мен блогерлерге  
арналған құрал**

**Алматы, 2020**

ӘОЖ 070  
КБЖ 76,01  
С 73

Құрастырушы автор: «Тұран» университеті «Журналистика және аударма ісі» кафедрасының доценті, лингвист, филология ғылымдарының кандидаты Қарымсақова Р.Д.

**С 73 Сөз бостандығы және төзімділік. Журналистер мен блогерлерге арналған жаднама.** Алматы, «Әділ сөз», 2020 ж. 18 бет. Бірінші басылым.

Басылым «Қазақстандағы ұлттық, діни, әлеуметтік қарым-қатынас мәселелері бойынша сөз бостандығын алға қою» жобасы аясында Нидерланды Корольдігінің Қазақстандағы Елшілігінің қаржылық қолдауымен дайындалды.

ISBN 978-601-7812-69-0

Қазақстандағы этникааралық қарым-қатынастардың қазіргі мәселелері туралы және елдегі діни ахуалға қатысты шынайы ақпаратпен қоғамды қалай қамтамасыз етуге болады, экстремистік насихатқа қалай қарсы әрекет ету керек? – осы мәселелер туралы журналистер мен блогерлерге арналған «Сөз бостандығы және төзімділік» жаднамасында қысқаша баяндалады. Басылым тәуелсіз сарапшылар мен ҚР Әділет министрлігі сот сараптама Орталығы мамандарының бірлесе отырып әзірлеген ССО Ғылыми кеңесі тарапынан бекітілген «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты жандандыру туралы сараптамалық зерттеу әдістемесі» негізінде дайындалған.

Бұл құрал ұлтаралық, конфессияаралық және әлеуметтік қарым-қатынас мәселелерін төзімділік және өзара сыйластық ұстанымында түсіндіруге көмектеседі.

ӘОЖ 070  
КБЖ 76,01

ISBN 978-601-7812-69-0

© «Әділ сөз» халықаралық сөз бостандығын қорғау қоры, 2020

## **ҚР ҚК 174-бап бойынша журналистерге арналған жаднама**

Қазіргі кезеңде бүкіл әлемде, сондай-ақ Қазақстанда экстремистік әрекеттер мемлекеттің өміріне, оның азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіптің орнауына тікелей қауіп төндіреді. Ғасырлар тоғысында экстремизм тәжірибесі экстремизмнің сирек, көпшілік жағдайда бұзақылық түрлерінен құқыққа қайшы бұқаралық акцияларға, жарылыстарға, өрт қою, кісі өлтіру, басқа да ауыр қылмыстарға жол салды. Экстремистік әрекетті жүзеге асыру жолдарының бірі, оларды жасауды жеңілдететін құрал – бұл ақпарат. Көпшілік жағдайларда экстремистік сипаттағы қылмыстар вербалды амалдармен, жазбаша және ауызша мәтіндерді таратумен, сондай-ақ көпшілік алдында сөйлеу барысында жасалады. Ғалымдардың тұжырымдауынша, ақпараттық дәуірде экстремизмнің ауызша көріністері (вербальды экстремизм, кейбір идеялардың таралуы) «дәстүрлі» ағымдарға қарағанда, қоғамға аса қауіпті құқықбұзушылық ретінде танылады (1). Адамзат сөзінің сиқырлы күші жалпыға жақсы мәлім, ол тек дау-дамайды дәйектеп, талқылап қана қоймайды, сонымен қатар насихаттауға, басқа адамдардың әрекеттерін басқаруға, жаппай қырып-жоятын қару ретінде үлкен әлеуметтік төңкерістерге алып келу мүмкіндігіне ие. Бұл тұрғыда вербальды экстремизмнің аса қауіпті қару екеніне А. Гитлердің насихаттық сөздері айқын мысал болады.

Экстремизмнің барлық түрлерімен күресу (әсіресе ұлттық және діни экстремизм) – кез-келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі, бұл оның қауіпсіздігінің кепілі болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары экстремистік насихатқа қарсы тұруда, халықты Қазақстандағы этносаралық қатынастардың заманауи мәселелері, елдегі діни ахуал туралы сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруы керек. Дұрыс, объективті ақпарат беру үшін, оқиғалардың қоғамдағы шиеленісті жағдайлардың туындауына

әкелу мүмкіндігінде бұрмалануын, әртүрлі әлеуметтік топтардың жекелеген өкілдеріне төзімсіздік таныту, бейтолеранттық туғызу мүмкіндігі бар теріс түсінікті жою үшін журналистер тиісті заңнаманы мұқият зерделеулері керек.

ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңында экстремизмнің түрлерін анықтайды, олардың қатарына әлеуметтік, таптық, нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты қоздыру, оның ішінде, зорлық-зомбылыққа немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен байланыстылары ұлттық экстремизмге жатады; діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыру, оның ішінде, зорлық-зомбылыққа немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен байланыстылары діни экстремизмге жатады.

Экстремизмді (экстремистік қылмыстарды) жүзеге асырумен байланысты әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бірқатар баптарында қарастырылған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1-бабының 39-тармақшаларын қараңыз), олардың ішінде ауызша түрде (вербальды) жүзеге асырылатын қылмыстар бар: 174, 179, 180, 256 және т.б. баптар. Олардың ішінде қылмыстық істердің саны жыл сайын өсіп келе жатқан «басты» экстремистік бап - бұл 174 бап.

Естеріңізге сала кетейік, ҚР Қылмыстық кодексінің 174-бабында әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін немесе діни сезімдерін қорлауға, сондай-ақ азаматтардың дінге, тапқа, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылық белгілеріне қарай олардың толыққандылығын, артықшылығын немесе кемшілігін көпшілік алдында сөйленген сөз арқылы немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялық желілерді пайдалану арқылы насихаттауға бағытталған әрекеттері үшін, сонымен қатар әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе таптық немесе діни араздықты насихаттайтын әдебиеттерді немесе басқа да тасығыштарды дайындау немесе тарату әрекеттері үшін жаза қарастырылған.

Ол екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе белгілі бір лауазымдарды атқару, немесе белгілі бір

қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге шектеу, немесе онсыз екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жауапкершілікті көздейді.

Осы баптың талқылануы мен қолданылуы барысында белгілі бір қиындықтар орын алған. Мамандар қылмыстық ақпаратты таратқаны үшін жауапкершілік қарастыратын барлық қылмыстық-құқықтық нормалардың ішінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 174-бабының, сірә, тыңғылықты анықталмағанын атап өтеді. Бұдан бөлек оның қолданылу аясы түрлі діни ағымдардың ізбасарларының, түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы қарым-қатынастарға қалайда байланысты, олар тарихи тұрғыдан немесе табиғатынан мейлінше қақтығысты болуы мүмкін. Осыған байланысты, бұл бап адамның сөз бостандығы құқығының іске асырылуын қамтамасыз етуге кепілдік тұрғысынан басқа нормаларға қарағанда жиі сынға алынғаны таңқаларлық емес.

Күнделікті өмірде, көбінесе «өшпенділікті (алауыздықты) қоздыру» жағдайында азаматтардың жекелеген ұлттың, нәсілдің немесе діни топтың мүшелеріне жеке басының дұшпандығын білдіретін, бірақ араздықты қоздырумен, қадір-қасиетін қорлайтын немесе олардың кемшілігін насихаттаумен байланысты емес әр түрлі мәлімдемелері айтылады (мысалы, көрші тұруды, бірге жұмыс істеуді, дос болуды, үйленуді және т.б. қаламайтынын білдіретін). Мысалы, этникалық араздықты қоздырды деп айыптау үшін екі адамның көлік тұрағындағы өзара – *Сіз (этниканың атауы) мұндай және осындайсыз. – Ал сіздің асып бара жатқаныңыз шамалы*) ұрысы аргумент болуы мүмкін.

ҚР Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығы «Әділ сөз» ҚҚ-ның тікелей қатысуымен талданылып бекітілген «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты жандандыру туралы сараптамалық зерттеу әдістемесі» ҚР ҚК 174-баптың түсіндірмесі бойынша журналистерге айқын, нақты ұсынымдарды алға тартуға мүмкіндік береді.

1. Жек көру сезімін тудыру ұғымын дұрыс түсіну үшін журналист, ең алдымен, осы процестің ішкі құрылымын ұғынуы керек, яғни жеккөрушілікті жандандыру / қоздыру механизмін қарастыруы керек.

Алдымен **жеккөру мен өшпенділік** сөздерінің семантикасындағы айырмашылықтарды ажыратуы керек. Бұл ұғымдар өзара тығыз байланысты, бірақ олардың арасында айтарлықтай айырмашылық бар.

**Жеккөрушілік** - бұл тұлғаның психологиялық күйі, аса күшті жақтырмаушылық сезімі. Бұл сезімді адам ешбір себепсіз, біржақты, бәлкім, өзара (екіжақты) қатыстық сипатта сезінуі мүмкін.

Жеккөрушілік сезімінің сыртқы көрінісі осындай сезім білдірілген адамға (адамдар тобына) моралды немесе материалды залал келтіреді. Жеккөрушілік сезімі ішкі күй түрінде қалып, ешбір түрде сыртқа білдірілмеуі мүмкін.

**Өшпенділік (дұшпандық, жаулық)** деп жақтырмау, жеккөру, кектену сезімдерімен уәжделген әрекеттерге арақатынасты және әрекеттің өзін немесе әрекетке дайын тұруды атайды.

Жеккөрушілік өшпенділіктің бастапқы кезеңі ретінде танылатынын айтуға болады, сол уақытта өшпенділік – физикалық түрде көрініс беретін жеккөрушілік. Демек, *Көрішiлер жауласып алды сөйленiмi* екі жақтың да тарапынан әрекеттің орын алғанын болжайды. Қарым-қатынасты өшпенділік деп саралауға мүмкіндік болу үшін, адам (адамдар тобы) басқа адамның (адамдар тобының) тарапынан моралдық немесе материалдық залал тартуы тиіс.

**Алауыздықты (араздықты) қоздыру механизмдері** сөйлеу ықпалының түрі ретінде семантикалық формуламен сипатталады: «Р. ояну/құлшыныс/сезім күйлерінің сенің бойыңда оянып, сенің сезінуің үшін мен саған Х-ті айтып отырмын». Психологтар кез-келген ықпал ету үдерісі, соның ішінде қоздыру мен ынталандыру (үндеу арқылы) келесі сұлба бойынша өтетінін көрсетеді: **назар салу → қызығушылық → әрекет ету ниеті.**

Бұл үдерістің қалай жүзеге асатынын әдеттегі қарапайым мысалдан қарастырайық. Көп пәтерлі үй тұрғындарының жиналысында ПИК (пәтер иелерінің кооперативі) төрағасы сөз сөйлейді: «Кіре беріс суағарлары тесіліп, су кетіп жатыр, жаңбыр кезінде су домофон сымдарына ағады, айқас тұйықталу болады. Элеватор вентильдерінің тозығы жеткен, кез-келген уақытта үзіліп кетеді де, жертөлені басып қалады, оларды ауыстыру қажет. Тесілген шатырдан су ағып, пәтерлерді басады, кіреберістегі электр па-

нельдерін жөндеу керек. Жалпы алғанда, мұның барлығы үйде, әр пәтерде дымқыл, сыз, өңездің пайда болуына, өрт қаупіне алып келеді. Жалпы алғанда, жөндеу жұмыстарын жүргізу, жөндеу жабдықты ауыстыру үшін үйді жөндеуге арналған тарифті көтеру қажет. Таяу уақытта біз келесі нәрселерді жасауымыз керек».

Алдымен тыңдармандар **назары** сөздің тақырып рәсімделетін, орын алған мәселе сипатталатын бөлігіне аударылады. Тақырыпқа тыңдармандардың **қызығушылығын** тудыру үшін, баяндамашы талқыланатын мәселені әр үй иесімен және үймен байланыстырады, яғни қазіргі жағдай әрбір тұрғынға тікелей залал келтіріп, оның өмір сүру жағдайына және оның отбасы мүшелерінің өміріне кері әсер етуі мүмкін екендігін дәлелдейді. Тыңдаушы мәселені шешуге қызығушылық танытқан кезде, сөйлеуші бұл мәселенің шешілу жолдарын ұсынады, әрекет ету қажеттігін тұжырымдайды және дәйектейді (негіздейді). Осылайша, адресатта **әрекет етуге** ниет қалыптастырылады.

Бұл сендіру (иландыру) үдерісінің жалпы сұлбасы және ол үш кезеңнен тұрады.

Назар	қызығушылық	Арандаушылық кедергі	әрекет етуге ниеттілік
Ақпарат беру	жеккөрушілікті қоздыру		жанама үндеу
<b>араздықты қоздыру</b>			

Сендірудің (иландырудың) бірінші кезеңі - адресаттың мәселені пайымдауына, оның себептері мен салдарына бағдарланатын ұтымды түсінік беру әрекеті. Соңғы кезең – белгілі бір бағытта белсенділік танытуына түрткі салу және нақты әрекеттерге *жанама үндеу*.

Идеологияның қалыптасуы мен арандату әрекеті арасындағы байланыстырушы буын психиканың қалыпты (статикалық) күйден динамикалық жағдайға, немқұрайлы пәрменсіз (пассив) күй-

ден белсенді қалыпқа бет бұру сатысы болып табылады. Қозғаушы (қоздырушы) мәтін нақ осы мақсаттарға жұмыс істейді.

Сөйлеу үдерісінің осы жалпы сұлбасын ғалымдар вербалды (тілдік) экстремизм терминдерінің тіліне мына түрде аударады: назар аударту кезеңі фактілерді алға тарту (*констатация, ақпарат беру*) әрекетіне сәйкес келеді. Бұл кезеңде «мәтін әлі өзінің дамыған кезеңінде өзіне берілетін теріс эмоционалдық зарядқа ие болмаған сәті».

Қызығушылықты қалыптастыру кезеңі жек көрінішті *сезім қоздыруға* (немесе сөйлеу пәнінің бағасы) сәйкес келеді. Бұл кезеңде «сипаттама объектісінің теріс образы мәтінде көрініс беріп, ал оқырманның оған қатысты жеке теріс (жағымсыз) ұстанымы қалыптасады».

Ниеттің пайда болуы іс-қимылдың қажеттілігін негіздеуді және / немесе тұжырымдауды білдіретін жанама үндеуге сәйкес келеді. Мұнда «оқырман көз алдында нақты іс-қимыл бағдарламасы көрініс береді». Немесе басқаша айтқанда – сөйлеу нысанына қатысты әрекеттерді жоспарлау сатысы.

Ғалымдар жеккөрушілікті, алауыздықты (араздықты) қоздырудағы ақпарат беру кезеңінсіз қысқарған нұсқасын да ұсынды. Оның екі кезеңін бөледі: жеккөрушілікті қоздыру кезеңі және өшпенділікті (алауыздықты) қоздыру кезеңі. Бір сатыдан екінші сатыға өту кезінде мәтіннің үндеуіштік сипаты артады. Сөйтіп, *ақпарат беру сатысында* оқырман тек жағдайдың байыбына жетеді, одан өзіне қатысты елеулі мәселені байқамайды. *Жеккөрушілікті қоздыру сатысы* оқырманды «ширықтырады», теріс көңіл-күймен қуаттандырады. Осы кезеңде сөйлеу объектісінің (әлеуметтік топтың) теріс бейнесі (образы) жасалады, оның нәтижесінде адресаттың санасында (ойында) осы объектіге қатысты теріс көзқарас қалыптасады. *Өшпенділікті, яғни алауыздықты қоздыру сатысында* оқырман әрекет ету қажеттігін түйсінеді.

Сөйтіп, өшпенділікті (алауыздықты, араздықты) қоздыру – бұл сөйлеу объектісіне қатысты **іс-әрекеттің қажеттілігін негіздеу және / немесе тұжырымдау** формасында білдірілген *жанама немесе жасырын үндеу сатысы*, соңғы саты болып табылады (2).

Алауыздықты (араздықты) қоздыру жеккөрушілікті қоздыру



үдерісімен салыстырғанда сөйлеу адресатына қатысты нақты әрекеттерді қолдану қажеттігін негіздеу және/немесе мәлімдеу арқылы тікелей қауіп төндіруші дұшпан бейнесін нысанға жапсыру (таңу) әрекетімен және осы қауіпті жүзеге асырудың бағдарламасымен толығады, бұл адресатты залал келтіруші нысанға қарсы қимылдарға, қарсы әрекет етуге жанама түрде ынталандырады.

2. Екіншіден, алауыздықты (өшпенділікті, араздықты) қоздыру диагностикасы экстремистік материалдар ұғымының анықтама-сына негізделеді. Журналиске құқықтық дефинициялар тұрғысындағы білім қажет, соның негізінде алауыздықты (өшпенділікті, араздықты) қоздырудың мазмұндық өлшемдері белгіленеді.

ҚР Заңының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 1-бабында **«экстремистік материалдар» түсінігі берілген: «7) экстремистік материалдар – экстремистік әрекеттердің белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға үндеуді қамтитын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар.**

Бұл анықтамада «экстремистік материалдар» ұғымының айырықша белгілері болып табылады: 1) экстремистік әрекеттерді жүзеге асыруға үндеудің болуы; 2) немесе экстремистік әрекеттерді жасау қажеттілігін негіздейтін немесе ақтайтын мәлімдемелердің бар болуы.

Жоғарыда көрсетілген белгілерді басшылыққа ала отырып, алауыздықты (өшпенділікті, араздықты) қоздыруға бағытталған әрекеттер деп, жеке алғанда, қайсыбір ұлт, нәсіл өкілдеріне, сол немесе басқа дін жолын қушыларға және басқа топтың тұлғаларына қарсы геноцидті, жаппай қудалауды, депортацияны, басқа да құқыққа қайшы әрекеттерді жасау қажеттігін негіздейтін және (немесе) ақтайтын мәлімдемелерді түсіну керек.

Сөйтіп, экстремистік сөйлеу әрекеттерінің мұндай «әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты (алауыздықты) қоздыру» белгісі адамдардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, рулық, тектік-топтық немесе діни қатыстылығына қарай оларға қарсы бағытталған іс-әрекеттерді жасауға немесе **негіздеуге** және ақтауға **түрткі болатын** барлық жағдайларды өз бойында біріктіреді.

3. Баяндалған мәліметтер негізінде журналист, жалпы алғанда, вербалды экстремизм диагностикасында маңызды сұрақтардың біріне жауап беруге мүмкіндік тудыратын белгілі бір тұжырымға енді келе алады: **Мәтін алауыздықты (араздықты) қоздыратын деп танылуы үшін ол қандай маңызды белгілерге ие болуы керек?** Журналист өз тұжырымдарын сараптамалық әдістеменің келесі ереже-қисындарымен сәйкестендіре алады.

Сөйленісте алауыздықты (араздықты) қоздыру (жандандыру) белгілерінің бар екенін негіздеу үшін талданылып отырған үзіндінің (мәтіннің) міндеті заңда көрсетілген топтарға қатысты жаулық қарым-қатынасты негіздеу болып табылатын сөйленіс екенін дәлелдеу қажет. Бұл үшін:

- **сөйлеуші** қайсыбір топ өкілдерінің бойында, олардың мінез-құлқында, нақты әрекеттері үстінде **үнемі** көрініс беретін моралдық теріс қасиеттердің, жағымсыз қасиеттер мен кемістіктердің бар екені туралы **пікір білдіруі керек (гипотетикалық мысалдар: христиандар – жабайы, жауыз адамдар, қазақтар – жалқау, іші тар халық);**

- **сөйлеуші** өз пікірін осы топтың барлық өкілдеріне дұшпандық, төзімсіздік таныту қарым-қатынастары көріністерінің әділеттілігін, дұрыстығын растайтын пайымдаулармен **негіздеуі керек**, адамның анықталған бір топқа қатыстылығына байланысты оған қарсы бағытталған агрессивті, зорлық-зомбылықты әрекеттерді жүзеге асыру қажеттігін негіздеп, мұндай қарым-қатынастар мен әрекеттерді **ақтауы** орын алуы керек.

Мұндай сөйленістің мақсаты тыңдарман/оқырман/көрермендердің бөлініп көрсетілген топқа қатысты жаулық қарым-қатынасын, ал осы топтарға қарсы өкілдердің физикалық әрекеттерін құптайтын қарым-қатынасын қалыптастыру, сонымен қатар жеке қасиеттерінің жағымсыз бағасына байланысты өшпенділік (араздық) нысанының құқықтары мен бостандықтарын шектеуге бағытталған әрекеттерді мадақтау (көтермелеу) болып табылады. Сондықтан, мысалы, анықталған бір діннің жолын қуушылар атына айтылған жағымсыз баға-пікірлер («күдайсыздар», «адасқандар», «жұмаққа бармайды», «Күдайды сатып кетті») тек осы сияқты тұлғаларға қарсы жеккөрушілік немесе өшпенділік қарым-қатынас қа-

жеттігін негіздеп немесе ақтағанда ғана, немесе зорлық-зомбылықты физикалық әрекеттерді құптайтын қарым-қатынас қалыптастыруға бағытталған жағдайда ғана экстремистік болып табылады. Мысалы, діни ағымға, ұлттық салт-дәстүрлерге және т.б. қатысты көпшілік алдында айтылған сын алауыздықты (араздықты, өшпенділікті) қоздыру ретінде қарастырыла алмайды.

Сөйтіп, «анықталған араздық түрлерін қоздыру» мағынасының білдірілу белгілеріне жоғарыда келтірілген анықтамалардағы маңызды өлшемдер жатады.

4. ҚР ҚК 174-бап диспозициясында санамаланған барлық алауыздық түрлерін қоздыру табиғатын журналистермен айқындауда конфликтоген ұғымы маңызды рөл атқарады. Бұл сөз пәнаралық термин болып табылады, психологияда, лингвистикада, қақтығыстануда (конфликтология), әлеуметтануда қолданылады. Лингвистикада **конфликтогендер** – бұл вербалды элементтер (сөз, сөйленіс және фразалар), олар қақтығысты сөйлеу жағдаятының бірден бір қайнар көзі бола алады.

Конфликтоген сөйлеушінің ұлттық қатыстылық негіздемесі бойынша бөлінген адамдарға теріс, жеккөрушілік сезімі білдірілген сөйленісі болуы мүмкін; бұл пікір (баға), конфликтогенді бола отырып, жекелеген моралдық нормаларға қарама-қайшы келуі мүмкін («Нашар ұлт жоқ, нашар адамдар бар / Нет плохих наций, есть плохие люди»), сөйлеу жосығының мәдени стереотиптеріне сәйкес келмеуі мүмкін, алайда осы орайда вербалды экстремизм белгілерін қамтымауы мүмкін. Саяси, экономикалық, кәсіби саланың немесе адамның (немесе адамдар тобының) басқа да маңызды қызметінің қайсыбір аспектісі туралы теріс пікір, қоғамдық маңызды іспен айналысушы адамның қызметі мен жеке басының қасиеттері туралы теріс (жағымсыз) пайымдау, билікті орын алған күрделі мәселелерді, шиеленісті, дағдарысты жағдаяттарды туындатушы әрі қасақана қолдаушы тұрғысынан айыптаулар және т.б. конфликтоген бола алады. Мұндай теріс ақпарат шектеусіз адамдар қауымы арасында таралатындықтан, көпшілік сынына ұшырайтын жоғарыда көрсетілген адамдар тобының өкілдері психологиялық дискомфортқа шарасыз бой алдырады.

Көрсетілген тұлғалардың өзін және өз тобын қорғау үшін заңгерлік механизмдерге жүгінуін «ақпараттық кейіттіргішке (кейістік тудырушыға)» қарсы қалыпты адами тітіркеніс деп есептеу керек. Сол уақытта таратылған ақпаратқа мазмұнды баға беруші құқық қолданушы органдар мен сарапшылар сөйлеу жосығының тек заңда белгіленген құқыққа қайшы өлшемдерін ғана басшылыққа алулары керек (қара.: жоғарыдағы 2-мағыналық бөлік). Материал мазмұнында конфликтогенді сөйленістер бар болып, ал экстремистік сөйлеу әрекетінің коммуникативтік белгілері орын алмаған жағдайда олар заңгерлік тұрғыдан тыйым салынған сөйлеу әрекетінің көріністері ретінде саралана алмайды.

Конфликтогенді пікір білдірудің құқыққа қайшы келмейтін мейлінше кең таралған жағдайларының сипаттамасы мына құжатта қамтылған: «Саяси ұйымдар, идеологиялық және діни бірлестіктер немесе діни сенім-нанымдар, ұлттық немесе діни салттарға байланысты сындар өздігінен өшпенділікті немесе араздықты қоздыруға бағытталған әрекет ретінде қарастырылмауы тиіс» (3).

«Өздігінен қарастырылмауы тиіс» сөз орамы мына тұрғыда түсіндіріледі: тек анықталған жағдайларда, **нақты айтқанда, адамдарға қарсы өшпенділік немесе жаулық қарым-қатынас қажеттілігін негіздеуге немесе оларға қарсы әрекеттерге түрткі салу тұрғысындағы мақсаттық бағыттылықтың бар екені мәтінді талдау барысында анықталған жағдайда ғана** көрсетілген сын қанша дегенмен заңгерлік тұрғыдан араздықты қоздыруға бағытталған әрекет ретінде саралануы мүмкін.

Егер талданылып отырған материалда сыни мәлімдеме (сөйленіс) қамтылған болса, алайда басқа бір мақсаттық ұстанымды жүзеге асыру үшін пайдаланылса, бұл туралы зерттеудің жалпы қорытындысында көрсету керек. Бұл жағдайда мәтінде экстремистік сөйлеу әрекеті белгілерінің орын алғаны туралы сұрақтың жауабы үзілді-кесілді теріс болуы тиіс.

5. Журналист үшін конфликтогенді пайымдаумен танысуы кезінде оның конфликтогенді сөйлеу әрекетінің қай түріне жататынын анықтауы маңызды: ақпараттық радикализмге ме немесе ақпараттық экстремизмге ме? (4).

Ақпараттық радикализм деп сөйлеу әрекетінің қоғамдық пікірге тұтастай, ал этникалық, конфессиялық немесе әлеуметтік белгілері бойынша ерекшеленетін адамдардың анықталмаған үлкен тобына эмоционалды және моральдық қысым көрсету формасы түсініледі. Мұндай жағдайларда ақпараттық қысым бөлініп көрсетілген топ адамдары және олардың әрекеттері туралы жағымсыз, өткір сыни (конфликтогенді) пікірді тарату, олардың басқаша әрекет етуге қабілетсіздігіне сенімділікті білдіру арқылы көрсетіледі. Радикалды сөйленімдердің авторлары бөлініп көрсетілген топқа қатысты тұтастай жалпылама жағымсыз баға беріп, таратады. Әдетте олар биліктің қайсыбір тармағынан жағдаятты тез оңалту үшін жедел түрде араласуларын – осы топқа қатысты қарсы әрекет етудің барлық мүмкін жария формаларын қаурыт қолдануды, экономикалық санкциялар енгізуді, атаулы құқықтық реттеуді, қатаң түрде сот тарапынан қудалауды т.с.с. талап етеді. Радикалды пікірлер мен бағалаулар, әдетте әлеуметтік-саяси немесе діни субъектінің (яғни, қайсыбір қоғамдық топтың) белсенді, шабуылдаушы позициясын бейнелеп көрсетеді, ол әлеуметтік үдерістерге жеке ықпалын бірден күшейтуге ұмтылады, қоғамдық қатынастар жүйесінде (жалпы немесе жеке) саяси реформалар көмегімен қайсыбір өзгерістерге, әлеуметтік-экономикалық, саяси курстың шешімді аусымына, қоғамдық көңіл-күйдің, қоғамның имандылық күйінің өзгерісіне занды жолмен қол жеткізеді.

Конфликтогенді пікірлер мен конфликтогенді сөйленістерден **ақпараттық экстремизмнің** айырмашылығы – бұл агрессиялық сөйлеу нысанына – қайсыбір ұлттық, нәсілдік, діни, әлеуметтік топ өкілдеріне айқын көріністе моральдық-құлықтық зардап келтіру арқылы қоғамға зиян келтіретін сөйлеу ықпалының формасы. Экстремистік сөйлеу әрекетінің мақсаты көпшілік алдында денсаулыққа зиян келтіру, экономикалық немесе саяси залал келтіру қатерін төндіру, немесе негіздеу және ақтау мәлімдемесінде білдірілгендей өзгеретін белгілері (әлеуметтік қатыстылық) бойынша немесе тұрақты өзгермейтін белгілері (нәсіл, ұлт, дін) бойынша бөлініп көрсетілетін тұлғаларға қатысты психологиялық немесе физикалық зорлық-зомбылыққа, адамның немесе адамдар тобының көзін жоюға, тұлғаға қарсы өшпенділік және жеккөрушілік

қарым-қатынасты насихаттау, тұлғаға қарсы зорлық-зомбылыққа үгіттеу болып табылады.

Әдетте радикалистік және экстремистік саяси топтар басқа әлеуметтік немесе саяси субъектілермен теңқұқылы өмір сүру жағдайларында компромистік шешімдер мүмкіндігінің өзін қабылдамайды. Алайда іс жүзіндегі әлеуметтік-саяси қарым-қатынастарды өзгерту үшін радикалды әрекеттің жақтаушылары, экстремистерден айырмашылығы қоғамдағы қайсыбір топ өкілдеріне немесе қайсыбір әлеуметтік топқа қарсы физикалық зорлық-зомбылықты қолдану немесе оларды жою туралы талаптарды алға тартпайды. Радикалистік үндеулер негізінен соттық қудалауларға талап қоюға, билік өкілдерінің немесе қайсыбір әлеуметтік топтың саяси қызметтеріне заңнамалық шектеулерге, қоғамдық қатынастардың конституциялық өзгерістеріне, биліктің қайсыбір тармақтарының жедел ауысымына (қайта сайлануына), билікпен ынтымақтастықтан бас тартуға және т.с.с. келіп саяды. Осындай ұмтылыстың идеялық бағыты мен білдірілу деңгейін бағалай келе, радикализм туралы, әдетте мейлінше идеологиялық, саяси және әлеуметтік бағдарланған ұйымдарға, партияларға немесе партиялық фракцияларға, саяси қозғалыстарға, топтар мен топтасушыларға, жекелеген көшбасшыларға және т.б. қатысты айтылады. Жоғарыдағыдай ұмтылыстарды жүзеге асыру әдістерінің ұшқарылық (шектен шығу) деңгейін бағалай келе, экстремизм туралы айтады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Галяшина Е.И. Лингвистика vs экстремизма. В помощь судьям, следователям, экспертам / Под ред. проф. М. В. Горбаневско-го. – М.: Юридический Мир, 2006 г.

2. Осадчий М.А. Русский язык на грани права: Функционирование современного русского языка в условиях правовой регламентации речи. – Либроком, 2013 г.

3. В.Б.Боровиков, А.А. Смердов. Уголовное право. Особенная часть. – Учебник для вузов. М.: Юрайт, 2019

4. Экспертные исследования по делам о признании информационных материалов экстремистскими (теоретические основа-

ния и практическое руководство). – М.: Издательский дом В. Ема, 2014.

5. Методика экспертных исследований по делам о возбуждении социальной, национальной, родовой, расовой, сословной или религиозной розни». – Нур-Султан, ЦСЭ МЮ РК, 2019.

## **Дағдылық тренингке арналған материалдар**

### 1 - Мәтін

Посттың коммуникативтік мақсатын анықтаңыз (Автор осы мәтінді қандай мақсатпен жариялады?). Мәтінді ұлттық алауыздықты қоздырушы деп тану үшін, ол оған тән маңызды белгілерге ие ме? Егер ондай белгілерге ие болса, онда автордың негізгі идеясын (пікірін) білдіретін фразаларды және осы идеяларды негіздейтін (ақтайтын) фразаларды бөліп көрсетіңіз.

*Осыны өлтірген жігіттер мадес. Красавчики. Қытайларды қыру керек осылай. Күшік кезінде атып тастау керек бұларды. Бір қытай үшін зарламаңдар. Жерің мен қыздарыңды жаулап алғанда зарлап жыларсыңдар. Бір туымызды жүрегіне қойып көтерді деп. Ақша беріп тамақтандырсаң любой қытай көтеріп берер өзінің елін, жерін сатып.*

(Убившие его парни молодцы. Красавчики. Китайцев надо так убивать. Их надо пристреливать еще в юном возрасте (детьми). Не скорбите (не плачьте) по одному китайцу. Будете оплакивать, когда они захватят ваши земли и девушек. Не скорбите только за то, что поднял наш флаг, прижав к груди. Если заплатить и накормить, любой китаец сделает это, продав родину и землю.)

(Мәтін БҚО ауыл мұғалімінің қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Денис Теннің өліміне қатысты Facebook желісіндегі өзінің парақшасында жариялаған даулы посты ретінде танылады).

### 2 - Мәтін

Қазақстандық мұнайгаз компаниясының біріндегі мұнайшылардың кәсіподақ жиналысында сөйлеген заңгер сөзінің даулы үзінділері ретінде танылатын сөйленістердің коммуникативтік

мақсатын анықтаңыз. Сөйленістер мазмұнынан алауыздықты қоздыру нысаны – әлеуметтік топ анықтала ала ма? Берілген сөйленістерде қайсыбір әлеуметтік топ атына қатысты жағымсыз баға қамтылған ба? Әлеуметтік топқа қатыстылық белгілеріне қарай ерекшеленетін адамдарға қатысты өшпенділік (алауыздық), жеккөрушілік қарым-қатынас қажеттігін негіздеу немесе ақтау белгілері қамтылған ба? Әлеуметтік қатыстылығына байланысты адамдарға қарсы агрессивті, зорлық-зомбылық әрекеттерін жүзеге асыру қажеттігін негіздеу немесе ақтау белгілері қамтылған ба?

1. *«Өзен жировкасы бойынша ЦППД 4 разряд операторына 330 000 теңге есептілетінін, ал сол уақытта біздің 5 разряд операторының 143 000 теңге алатынын Сіздер жақсы білесіздер. Бұл тым ауқымды айрмашылық. Бұл талаптарды білдіруге заңды негіздеме бар» // «Вы знаете прекрасно, что оператору 4 разряда ЦППД по жировкам Узенья начисляется 330 000 тенге, в то время как оператор нашего 5 разряда получает 143 000 тенге. Это огромный разрыв. Есть законные основания выразить эти требования».*

2. *«Өзендегі сияқты ай сайын 80% сыйақыны ешкім де сұрап отырған жоқ қой. Адамдарды осындай шараларға итермелеуге қашанға дейін жеткізуге болатынын, өз халқын қалай сүймеуге болатынын мен білмеймін. Бұл ереуіл емес, бұл – жұмыстың мәжбүрлі тоқтатылуы» // «Ведь никто не просит ежемесячных 80% премиальных, как в Узене. Я не знаю, до каких пор надо доводить людей, как надо не любить свой народ, чтобы на такие меры их толкать. Это не забастовка, это вынужденная приостановка».*

3. *«Мен мүлдем шын айтып тұрмын: сіздер сала бойынша өзендіктер сияқты бірдей қызметшілерсіздер, ал еңбекақыдағы айырмашылық» // «Я абсолютно серьезно говорю: вы одинаковые работники в отрасли так же как узеньцы, а разрыв в заработных платах...».*

4. *«1.8 және 1.7 қатысты алсақ, өзендіктерде ол бар, олар бұл үстемеге 2010 жылы маусымда қол жеткізді» // «Что касается*



*1.8 и 1.7, у озеньцев она есть, они эту надбавку выбрали в июне 2010 года».*

*5. «Өз ақшаң үшін, өзіңдікі үшін күресу керек. Не себепті біздікілер ай сайын 70% сыйақы ала алмайды?» // «Надо бороться за свои деньги, за свое надо бороться. Почему наши не могут премиальные получать по 70% ежемесячно?».*

*6. «Біз әлі қаншалықты әлеуметтік әділетсіздікке төзе бермекпіз. Шетелдіктен кем емес жоғары білімі бола тұрып, біздің азаматтарымыз қашанғы біздің жерімізге келіп, оның қойнауынан сіз бен біздің байлығымызды сорумен ғана айналысатын шетелдіктерден бірнеше есе төмен еңбекақы алады» // «Сколько мы еще будем терпеть социальную несправедливость. Когда наши граждане, имея высшее образование не хуже иностранного, получают зарплату во много раз ниже иностранцев, которые приехали на нашу землю и занимаются только тем, что выкачивают из наших недр наше с вами богатство».*

*7. «1.8 және 1.7 қатысты алсақ, өзендіктерде ол бар, олар бұл үстемеге 2010 жылы маусымда қол жеткізді» // «Что касается 1.8 и 1.7, у озеньцев она есть, они эту надбавку выбрали в июне 2010 года».*

### 3 - Мәтін

«Қазақстан – көпұлтты мемлекет емес!» (мәтіннің үзіндісі, авторы – қазақстандық саясаткер).

Сіздің ойыңызша, мәтінде конфликтогенді сөйленістер бар ма? Егер бар болса, ондай қайсылары? Түсіндіріңіз, а) мұнымен бірге, қандай потенциалды конфликтілі сөйлеу жағдаяты туындауы мүмкін; б) сіздің тарапыңыздан бөлініп көрсетілген конфликтогендер не себепті ұлттық алауыздықты қоздырудың көріністері ретінде саралана алмайды ?

*«Қарағандыдағы «қанды» оқиға ешкімді бейжай қалдырмағаны анық. Өрімдей жас азамат қанішерлердің қолынан ажал құшты. Барлық туган-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын. Қанішерлер тиісті жазасын алуы керек. Жал-*

ны, «Қазақстан – көп ұлтты мемлекет» деген қағидатты өзгертуіміз керек. Ықылым заманнан бері Қазақстанда мекендейтін, қазақ мемлекетін құрайтын, ұланғайыр даланың иесі де, киесі де бір – ақ ұлт бар, ол – қазақ ұлты. Қалғандары – этникалық топтар, диаспоралар. ОЛАРДЫҢ барлығының дерлік өз отаны бар. Қазақтың Қазақстаннан басқа ОТАНЫ жоқ. Сондықтан да қазақ ұлтының мүддесі тек осы елде ғана қорғалады. Әлемде этникалық аз топтарға барлық жағдай жасалған мемлекет Қазақстан ғана. Тек Қазақстанда ғана, үлкен өкінішке орай мемлекеттік тілді білмей-ақ мемлекеттік қызмет атқаруға, бизнес жасауға болады. Соны бағалап, қадірлей білмеген өзге этностардың кейбір өкілдеріне тарихи отандарыңа жолдарың ашық дегім келеді. Кеше Армения парламентінің депутаты Э. Марукян Армениядағы Қазақстанның елшісін шақыртып, Қазақстандағы «армяндарға корсетіліп жатқан қысымға» байланысты түсіндірме беруін талап етіпті. Бұл – Қазақстанның ішкі ісіне қол сұғушылық. Бұған біздің Сыртқы істер министрлігі тездетіп, ресми түрде жауап беруі тиіс!».

---

Рахилә Қарымсақова

**СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ТӨЗІМДІЛІК**  
**Журналистер мен блогерлерге арналған құрал**

ISBN 978-601-7812-69-0

Редакторы Әженова Ғ.Х.  
Корректоры Таусоғарова А.Қ.

Басуға 10.08.2020 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$ . Көлемі 2,25 баспа табак.  
Таралымы 500 экз. Тапсырыс 653.

«Полиграфсервис» ЖШС.  
Алматы қаласы, Зеленая көшесі, 13 «А»